

Ел жүрегі - елорға шежіресі

АСТАНА АҚШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Көрменің көркі – кітап

Кеше бас шаһардағы «Көрме» орталығында «Eurasian Book Fair – 2018» III Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі шымылдығын түрді. Биылғы көрме елорданың 20 жылдығына арналды. Оны ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Астана әкімдігі ұйымдастырды. Айтулы шараға Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.



Көрменің салтанатты ашылуында Мемлекеттік хатшы елорда төрін төрт күн бойы дүбірге бөлейтін халықаралық кітап жәрмеңкесі барлық оқырман үшін рухани мереке екендігін жеткізді. Ол өз құттықтауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясындағы алғашқы 18 оқулықтың таныстырылымында айтқан: «Жаңа оқулықтар – эксклюзивті гуманитарлық кітапхана. Ол барлық адам үшін үш форматта қолжетімді болады: әдеттегі қағаз кітаптар түрінде, электронды онлайн-нұсқада және үздік лекторлардың видеотека форматындағы ашық дәрістері түрінде» деген сөзін атап өтті. Бұл елеулі мәдени шара бас қаланың 20 жылдығымен тұспа-тұс өтіп жатқанына тоқталды.

– Бүгінде Астана – елдің ұлттық символы ғана емес, сондай-ақ, Еуразияның

мойындалған орталықтарының бірі. Жаһандану және цифрлық технологиялар ғасырында кітап бұрынғыша жаңа білімнің қайнар көзі болып қала береді. Ол бүкіл болмысты танып-білудің ғаламат құралы болып саналады. Еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстанда кітап басып шығарудың жаңа кезеңі басталды. Осы жылдардың ішінде жалпы таралымы шамамен 400 миллион болатын 81 мыңға жуық кітап шығарылды. Тек 2010 жылдан бері ғана кітап басуға 10 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінді. Қазір елімізде баспа қызметімен 380 компания айналысады, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.



Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова көрмеге қойылған кітаптардың экспозициясымен танысып, барлық қатысушылардың шығармашылық және іскерлік байланысты тереңдете түсуіне, таңдаған салада зор табысқа жетулеріне тілектестік білдірді.

Биыл Қазақстанда Өзбекстан жылы жарияланғаны белгілі. Сондықтан жәрмеңке төрінен өзбек баспаларының өнімдеріне үлкен орын берілген. Көрмеге бауырлас елдің делегациясын Өзбек баспа ісі және ақпарат агенттігі директорының бірінші орынбасары Сабыр Шүкіров бастап келді. Ресей кітап шығарушылар қауымдастығының президенті Константин Чеченев те «Бұл

көрме жыл өткен сайын айшықталып, мәні арта түсуде» деп, қатысушыларға ізгі лебізін айтты.



Биылғы көрмеге әлемнің 18 елінен 155 ұйым өкілдері жиналды. Жәрмеңке барысында 120-ға жуық мәдени әрі іскерлік шара өткізілмек. Дәлірек айтқанда, Ресей, Польша, Ұлыбритания, Беларусь, Өзбекстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Түркия, Қытай, Үндістан, Албания және тағы басқа мемлекеттердің баспалары өз өнімдерін ұсынды. Қазіргі күнде кітапты безендіру мәдениеті жоғары дамып кеткен. Сөреде айнадай жалтыраған кітаптардан көзіңізді ала алмайсыз. Олардың бағалары да онша қымбат емес. Кез келген оқырманның қалтасы көтереді.

Көрменің алғашқы күнінде бірнеше мәдени шаралардың жалауы желбіреді. Мәселен, Өзбекстан ұлттық орталығының кітап көрмесі ресми түрде ашылды. Қазақ тіліне аударылған «Жаңа заман Әзербайжан поэзиясының антологиясы» жинағының беташары болды. Сонымен қатар, белгілі ақын, парасатты публицист, рәмізтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, марқұм Ербол Шаймерденовтің «Қазақ афоризмдері» атты құнды қазынаға толы кітабының таныстырылымы өтті. Оған асыл азаматтың достары, әріптестері, бір сөзбен айтқанда, оқырмандары қатысты. Шараны жазушы Қуаныш Жиенбай жүргізді. Бұл жинақ бұрын аз таралыммен шыққан

болатын. Енді ол көп данамен қайта жарық көріп отыр. Жинақта автор қазақ афоризмінің бастау бұлағынан ой сабақтайды. Талай түндер көздің майын тауысып, қолмен дән тергендей ұлылардың өнегелі сөздерін жинаған қаламгердің бұл кітапқа сіңірген еңбегі зор. Оны шара барысында сөз алғандар майын тамызып жеткізді. Алғашқы болып қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы сөз алды. «Кітапты қолға алған кезде Ербол есімізге еріксіз түседі. Оның мемлекеттің рәміздеріне сіңірген еңбегінен басқа, осы афоризмдерді жинақтаған өнегелі ісінің өзі неге тұрады? Біздің халқымыз ой түбінен шыққан сөзді бағалаған. Автор ұлылардың ұшқыр ойларын сол қалпында мөлдіретіп ақ параққа түсірген. Осы іргелі еңбекті жинақтап, оқырманмен қайта қауыштырған Күләшқа рақмет айтамын!» десе, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, айтулы ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет: «Осы жинақтың алғысөзінде бұл ойдың кітабы» депті Ерболдың өзі. Афоризм деген сөздің арғы түбі – даналыққа, ойдың ұшқырлығына қатысты. Сондықтан бұл еңбекте – біздің дәуірімізге дейінгі абыздардан бастап, біздің дәуірімізде өмір сүрген Сағат Әшімбаевқа дейінгі ой айта білген, ой түйе білген, ой сала білген тұлғалардың маржан сөздерін сүзіп шыққан. Ерболдың өзі ғұмырының біраз бөлігін ана тілімізді дамытуға жұмсады. Қазіргі қалыптасқан мемлекеттік тіл туралы заңның жазылуы мен қабылдауына күш салды. Бұл жерде Ерболдың екі салаға ерен еңбек сіңіргенін айту қажет. Ол алдымен, дүниедегі бүкіл классиктердің афоризмдерін қазақшаға аударды. Соны жұрт қиып алып, қалтасына салып жүрді. Орышадан әркім де оқи алады. Бірақ оны ана тілімізге жатық аудару, тура қазақтың өз сөзіндей тәржімалау – екінің бірінің қолынан келмейді. Ол жағынан Ербол қамшы салдырмады» деп парасатты ой өрбітті. Сондай-ақ, шара барысында белгілі қаламгерлер Марат Мәжитов пен Сүлеймен Мәмет те сөз алып, талантты тұлғаның кітабы жайында өз пікірлерін айтты. Сонымен қатар, көрме аясында филология ғылымдарының докторы профессор Шерубай Құрманбайұлының «Көркем аудармадағы жаңа атаулар: жасалуы мен қолданысы» атты кітабының да таныстырылымы болды. Айтулы кітап жәрмеңкесі 28 сәуірге дейін жалғасады.

Азамат ЕСЕНЖОЛ